

Кімге: «Батыс Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы»

Автордың аты-жөні және лауазымы: Абулхаирова Аэлига Гумаровна. Тасқала ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы

Күні: 16.10.2024 ж.

Тақырыбы: ҚР Жұмыссыздық мәселелері және оны шешу жолдары

Кілт сөздер: жастар, жұмыссыздық, экономика,

Кіріспе

"...Үкіметтің қазіргі және алдағы басты міндеті – жұмыс орындарын құру. Экономиканың жай-күйі мен елдегі ішкі тұрақтылық осы проблеманың шешілуіне байланысты", - деп үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев айтқандай, қазіргі уақытта Қазақстанда жұмыссыздық мәселесі өте өткір тұр. Жұмыссыздықтың өсуі, экономикалық тұрақсыздық, жастар арасында жұмыссыздар санының артуы, білім мен жұмыс мәселелері қазіргі кезде кең ауқымды проблемалардың бірі болуда.

Жұмыссыздықтың әлеуметтік салдарын да ескеру қажет. Бұл тек экономикалық қиындықтармен ғана шектеліп қоймай, қоғамның әлеуметтік құрылымына теріс әсер етеді. Көптеген адамдар жұмыссыздықтан күйзеліске ұшырайды, бұл психологиялық проблемалар мен әлеуметтік қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

Қазіргі қоғамда кездесетін жұмыссыздық мәселесі, бұл біріншіден, жастар арасында жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуі, білім беру жүйесіндегі кейбір проблемалар, жастардың жұмысқа орналаса алмауы олардың болашағына теріс әсер етуде.

Екіншіден, жұмыссыздықтың өсуі әлеуметтік тұрақсыздыққа әкеледі. Бұл өз кезегінде қоғамдағы қақтығыстарды күшейтеді және экономикалық тұрақтылыққа нұқсан келтіреді. Жұмыс орындарын құру үшін мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту қажет.


Негізгі бөлім

Қазақстан экономикасының қазіргі, яғни өмір сүру сапасының төмендеуі, жастар денсаулығының сыр беруі, жастар арасындағы қылмыстық мәселелердің көбеюі, жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына кедергілердің болуы, туу көрсеткішінің азаюы жағдайында өмірге енді қадам басқан жас буынға қатысты мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуының белсенділігі талап етіліп отыр. Жастар арасындағы жұмыссыздық заманауи қоғам үшін кез келген адамға әр жақты әсер ететін әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі болып

табылады. Жастар жұмыссыздығы кез келген мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан осы зерттеу жұмысының мақсаты жұмыссыздықтың мағынасын, оның негізгі түрлерін, сонымен қатар зардаптары мен салдарын ашып көрсету және жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шараларды ұсыну болып табылады. Жұмыссыздық деңгейі кедейшілік деңгейін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар психологиялық соққы болып есептеледі.

Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі көптеген пікірталастар мен зерттеу жұмыстарының зерттеу заты болып табылады. Қазақстанда жастар жұмыссыздығы бойынша әлемдегі ең төменгі көрсеткіштердің бірі қалыптасып отыр. Жастарға қатысты толық әрі сенімді статистикалық мәліметтер олардың өмірі мен жағдайын жақсартуға бағытталған барынша тиімді шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Экономикадағы қазіргі инновациялық өзгерістер еңбек ресурсына жаңа көзқараспен қарауды талап етуде. Қазіргі әлеуметтік–экономикалық жағдайдың бағалануы, еліміздегі әлеуметтік–экономикалық дамуды сандық, сапалық жағынан талдап, бағалап, оның жалпы мемлекет экономикасындағы рөлі мен үлесін сипаттауы қажет. Осындай талдау, бағалау негізінде елдің әлеуметтік–экономикалық даму миссиясы мен басты мақсаты анықталады. Елбасымен жүктелген басты мақсаттарды орындау, оларға қол жеткізу үшін әлеуметтік және экономикалық салалар, сфералардағы іс-қызметтер, қимылдар стратегиясы жасалынады. Осыған сәйкес мемлекетпен алдағы жылдарға елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдары жасалып, соған қол жеткізу мақсатында тиімді шараларды жүзеге асырады. Еліміздің еңбек нарығында, атап айтқанда жаңа жұмыс орындарын құру, жастарды жұмыспен қамту, жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету сияқты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде және жетілдіруде шағын және орта бизнес пен іскерлік белсендікті қолдау бойынша жұмыстарды жалғастырудың маңызы зор.



Жастар арасындағы (15–28 жас) жұмыссыздық дүние жүзі елдерінде қобалжулық туғызып отыр. Жастар арасындағы жұмысқа тұру — 15-тен 24 жас аралығында күрделі мәселенің бірі, өйткені бұлар оқу орындарын

бітіретін жастағылар болып табылады. 2013 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық көршілес Ресейде 14,8 % құрады, ал Еуроодақ елдерінде 23,5% болды. 2012 жылдан бері жастар арасында жұмыссыздық саны төмендеген жалғыз мемлекет, ол — Германия — 7,9 %. Португалия мен Италияда бұл көрсеткіш 37 % -ға жуық, ал Грекия және Испан елдерінде ол 55 % асады.

Батыс Қазақстан облысы бойынша жұмыссыздар туралы ақпарат

Информация на 15.10.2024

№ п/п	город/район	Всего безработных	из них			По возрасту:										
						Женщины	Мужчины	Молодежь (16-35 лет)	16-19 лет	в том числе до 18 лет	20-24 года	25-29 лет	30-34 года	35-39 лет	40-44 лет	45-49 лет
			всего	из них предпенсионного возраста (за два года до выхода на пенсию по возрасту)												
1	АКЖАЙКСКИЙ РАЙОН	2392	1094	1298	678	57	15	187	201	225	237	271	328	390	496	71
2	РАЙОН БАЙТЕРЕК	1049	461	588	330	47	13	115	122	116	137	97	115	93	207	58
3	БОКЕЙОРДИНСКИЙ РАЙОН	804	357	447	238	0	0	63	76	81	83	98	114	125	164	19
4	БУРЛИНСКИЙ РАЙОН	1111	541	570	492	46	10	48	45	175	136	141	229	251	40	24
5	ЖАНГАЛИНСКИЙ РАЙОН	755	304	451	259	7	3	106	84	94	85	64	82	97	136	44
6	ЖАНИБЕКСКИЙ РАЙОН	678	282	396	171	28	12	58	54	59	24	105	114	51	185	96
7	КАРАТОБИНСКИЙ РАЙОН	846	327	519	234	15	2	62	77	79	100	77	120	132	184	15
8	КАЗТАЛОВСКИЙ РАЙОН	1509	785	724	560	58	38	172	158	200	167	168	131	224	231	49
9	СЫРЫМСКИЙ РАЙОН	1062	524	538	272	19	6	87	68	98	113	119	177	188	193	36
10	ТАСКАЛИНСКИЙ РАЙОН	625	304	321	176	7	0	72	45	74	65	62	63	81	156	42
11	ТЕРЕКТИНСКИЙ РАЙОН	911	431	480	315	25	0	36	42	83	66	75	162	295	127	72
12	ЧИНГИРЛАУСКИЙ РАЙОН	616	226	390	178	17	0	75	65	56	69	72	68	86	108	24
13	УРАЛЬСК Г.А.	4693	2 419	2274	2 001	161	54	544	508	671	645	538	420	553	653	91
14	ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	17 051	8 055	8996	5 904	487	153	1625	1545	2011	1927	1887	2123	2566	2880	617

Еліміздің болашағы жастардың қолында, ал жастар білімінің сапасы ұстаздардың қолында. Сондықтан еңбек нарығының сұранысы мен талаптарына сай мамандар дайындау, олардың біліктілігін арттыру, жұмыспен қамту сияқты мәселелер мемлекетіміздің алға қойған басты міндеттерінің бірі. Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздықтың себептері:

- ЖОО-да алынған біліміне сәйкес бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру жүйесінің ұйымдастырылмауы;
- еңбек нарығына қажетті мамандар мен ЖОО- да оқытылатын мамандықтардың сәйкес келмеуі;
- жастардың білім деңгейінің бәсекегеқабілеттілігі деңгейінің төмен болуы және жас мамандарды жұмысқа алғанда жұмыс берушілердің тәуекелділікке баруы;
- жұмыс берушілердің еңбек өтілінсіз жұмысқа алмауы; – жастардың еңбекақыға қоятын талаптарының жоғары болуы;
- жас мамандарды жұмысқа орналастыру бойынша еңбекпен қамтамасыз ету қызметінің қажетті бағдарламалық және қаржылық қамтамасыз етілмеуі.

Қазақстандағы жұмыссыздық мәселесі әлеуметтік және экономикалық контексте маңызды сұрақ болып табылады. Жұмыссыздық деңгейі экономиканың дамуына, өндірістік сектордың тиімділігіне, білім беру жүйесінің сапасына, сондай-ақ әлемдік нарықтағы өзгерістерге байланысты.

Экономикалық факторлар: Экономиканың шикізатқа тәуелділігі жұмыс орындарының тұрақсыздығына әкелуі мүмкін. Мұнай және газ секторындағы дағдарыстар жұмыссыздық деңгейін арттыруы ықтимал.

Білім беру мен дағдылар: Жұмыс күшінің біліктілігі мен талаптары арасында сәйкессіздік болуы мүмкін. Көптеген жастар диплом алса да, жұмыс нарығында қажетті дағдыларды меңгермеген.

Ауылдық және қала тұрғындары арасындағы айырмашылық: Ауылдық жерлерде жұмыс мүмкіндіктері шектеулі, бұл жастардың қалаға көшуіне себеп болады, алайда қалада да жұмыс орындары жеткілікті болмауы мүмкін.

Жұмыссыздық мәселесі кешенді шешуді талап етеді, және үкімет, бизнес, қоғамның бірлескен әрекеттері арқылы шешім табу мүмкіндігі артады.

Қорытынды

Біздің республикамызда ғана емес сонымен қатар басқа да мемлекеттердегі ең негізгі мәселердің бірі ретінде осы жұмыссыздықты қарастыруда, алайда біздің мемлекетіміз жұмыссыздықпен күресу үшін көптеген бағдардамалар әзірлеуде. Сонымен қатар, жас бітіруші

мамандарды жұмыспен қамту үшін жұмыс берушілер, білім беру мекемелерінің және басқа да тараптармен байланыс болуы қажет. Бұл тараптардың әрқайсысы жас мамандарға көмек беруі қажет. Жастар арасындағы жұмыссыздықтың негізгі себептері анықталды: жұмыс жасау тәжірибенің аздығы, жалақының төмен болуы, тұрғылықты орналасатын жерлері болмауы мен қатар бәсекелестіктің төмен болуынан зардап шегуде. Жұмыспен қамту мәселелерін тиімді шешу үшін бірқатар шаралар қабылдау, соның ішінде заңнамалық тұрғыда қабылдану керек. Атап айтқанда жұмыс берушілер, жұмыспен қамту органдары мен оқу орындары арасындағы өзара қарым-қатынастардың бірыңғай жүйесін жасақтау қажет деп ойлаймын.

Ұсынымдар

1. Білім беру реформалары: Жастарды еңбек нарығының талаптарына сәйкес даярлау, кәсіби білім беруді жетілдіру.
2. Шағын және орта бизнеске қолдау: Шағын бизнес жобаларын дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын құру.
3. Әлеуметтік бағдарламалар: Жұмыссыздарға арналған қолдау бағдарламаларын дамыту, кәсіптік қайта даярлау курстарын ұйымдастыру.
4. Инфрақұрылымды дамыту: Аймақтар арасындағы экономикалық теңгерімді арттыру арқылы ауылдық жерлерде жұмыс орындарын көбейту.

Пайдаланылған дерексөздер тізімі:

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің материалдары/ ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайт Қазақстандағы жастар жұмыссыздығы,

Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А. Дағдарыс жағдайында Қазақстан Республикасының еңбек нарығының жағдайы мен даму болашағы // Экономика и статитика - 2015. - №1. - С. 45-50. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты // [ЭР].
Қолжетімділік тәртібі: enbek.gov.kz

moluch.ru. ҚР Жұмыссыздық мәселелері және оны шешу жолдары.
(20.02.2018) <https://moluch.ru/archive/191/48225/> Қаралған күні:
16.10.2024ж